



## Аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2023 жылғы 23 қазандағы № 36 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 қазанда № 33584 болып тіркелді.

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың күшін жою көзделген - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 30.04.2026 № 215 (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 376) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :
  - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
  - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.
4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрінің міндетін атқарушы

И. Оспанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Өнеркәсіп және құрылыс  
министрінің міндетін  
атқарушының

## **Аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 864 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 376) тармақшасына сәйкес әзірленген және екі және одан да көп облыстардың (не олардың бөліктерінің), агломерациялардың, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын есептемегенде әлеуметтік-экономикалық немесе экологиялық аймақтардың аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын (бұдан әрі – Өңіраралық схемалар) әзірлеу, келісу және бекіту тәртібін белгілейді.

### **2-тарау. Аумақты дамытудың өңіраралық схемаларын әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі**

2. Өңіраралық схемалар Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасына сәйкес әзірленеді, екі және одан да көп облыстардың (не олардың бөліктерінің), агломерациялардың, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын есептемегенде, әлеуметтік-экономикалық немесе экологиялық аймақтардың аумақтарында өзара келісілген (біріктірілген) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі үшін қызмет етеді және мыналарды:

- 1) жоспарланатын аумақты аймаққа бөлуді;
- 2) аумақтың қала құрылысын игеруді және дамытуды;
- 3) қоныстандыру, өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көліктік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымдарды орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шараларды;
- 4) табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды айқындайды.

3. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – Тапсырыс беруші) жергілікті атқарушы органдармен (бұдан әрі – ЖАО) бірігіп өңіраралық схемаларды әзірлеуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 41-бабы 4-1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес әзірлеушіні (бас жобалаушыны) айқындайды.

4. Тапсырыс беруші жобалауға арналған тапсырманы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ресімдейді және бекітеді, онда Өңіраралық схемалардың құрылымын, бастапқы деректерді алу және Өңіраралық схемаларды келісу тәртібін айқындайды.

5. Аумақтың шекарасы жобалауға арналған тапсырмада белгіленеді, оның шегінде Өңіраралық схема әзірленеді.

6. Өңіраралық схемаларды әзірлеуге арналған бастапқы материалдар жобалауға арналған тапсырмаға сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен, сондай-ақ тиісті ЖАО-мен дайындалады және сұрау салу түскен күнен бастап он жұмыс күні ішінде әзірлеушіге (бас жобалаушыға) беріледі.

7. Тапсырыс беруші Өңіраралық схемалардың жобаларын қарауға және келісуге мүдделі мемлекеттік органдарға жібереді.

Агломерацияларды аумақтық дамытудың өңіраралық схемаларының жобасы да агломерациялардың жергілікті кеңестерімен келісіледі.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 22.05.2025 № 175 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Өңіраралық схемалардың жобасы бекітілгенге дейін "Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қарашадағы № 706 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12414 болып тіркелген) Барлық деңгейдегі қала құрылысы жобаларына кешенді қала құрылысы сараптамасын жүргізу қағидаларына сәйкес кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтеді.

9. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өткен және оны бекіткенге дейін оң қорытындысын алған Өңіраралық схемаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

10. Кешенді қала құрылысы сараптамасынан өтпеген және оң қорытындысын алмаған Өңіраралық схемалар келісуге жатпайды.

11. Өңіраралық схемаларды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

12. Өңіраралық схемалардың бекітілетін бөлігі Өңіраралық схеманың негізгі ережелері, негізгі сызбасы және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Аумақты дамытудың өңіраралық схемалары жобасының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері болып табылады.

13. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін векторлық түрдегі бекітілген Өңіраралық схемаларды ұсыну "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11111 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсыну қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Аумақты дамытудың өңіраралық  
схемаларын әзірлеу,  
келісу және бекіту  
қағидаларына  
I-қосымша

## Жобалауға арналған тапсырма

БЕКІТЕМІН:  
(лауазымы, ұйым)

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты және әкесінің аты  
(бар болған жағдайда))

\_\_\_\_\_  
(қолы)

\_\_\_\_\_  
(күні)

### 1. Қала құрылысы жобасының түрі

---

---

---

---

---

---

---

### 2. Тапсырыс беруші

---

---

---

(толық және қысқартылған атауы)

---

---

---

---

---

---

---

### 3. Жобалау ұйымы (әзірлеуші)

---

---

---

(толық және қысқартылған атауы)

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

4. Жобалау үшін негіздеме

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

5. Қала құрылысын жоспарлау немесе аумақтарда құрылыс салу объектісі, оның негізгі сипаттамалары

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

6. Жобалау кезеңдері бойынша ұсынылатын материалдардың құрамына, мазмұнына және нысанына қойылатын негізгі талаптар, жұмыстарды орындау реті мен мерзімдері

---

---

---

---

---

---

---

---

7. Жобалау үшін бастапқы ақпаратты ұсынудың құрамы, орындаушылары, мерзімдері мен тәртібі

---

---

---

---

---

---

---

---

8. Қала құрылысы жобасының осы түрін келісетін уәкілетті мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың тізбесі

---

---

---

---

---

---

---

---

9. Келісуші ұйымдардың қала құрылысы жобасының әзірленетін түріне қойылатын талаптары

---

---

---

---

---

---

---

---

10. Жобалау алдындағы ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инженерлік іздестірулерді жүргізудің құрамы мен тәртібі (қажет болған жағдайда)

---

---

---

---

---

---

---

11. Әзірленетін қала құрылысы жобасына келісу және сараптама жүргізуді ұйымдастыру тәртібі

---

---

---

---

---

---

---

12. Өзге талаптар мен шарттар: орындаушыдан \_\_\_\_\_  
(лауазымы, ұйым)

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)), (қолы)

(күні) уәкілетті (немесе жергілікті атқарушы) сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері және құрылыс \_\_\_\_\_  
(лауазымы, ұйым)

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)), (қолы)

(күні)  
өзге Келісуші ұйымдардан \_\_\_\_\_  
(толық атауы) (лауазымы, ұйым)

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда)), (қолы)

(күні)

Ескертпе. Тапсырманың мазмұны қала құрылысы құжаттамасының жекелеген түрлерін және қала құрылысын жоспарлау мен құрылыс салу объектісінің ерекшелігін әзірлеуге қойылатын талаптарға сәйкес нақтылануы мүмкін.

Аумақты дамытудың өңіраралық  
схемаларын әзірлеу,  
келісу және бекіту  
қағидаларына  
2-қосымша

### Аумақты дамытудың өңіраралық схемалары жобасының негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Р/с №	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Қазіргі жағдайы	Бірінші кезең	Есептік кезең	Болжамды кезең
1	2	3	4	5	6	7
1	Аумақ					
1)	Барлығы	мың гектар				
	оның ішінде:					
	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	мың гектар /%				
	елді мекендердің жерлері, оның ішінде:	-//-				
	қалалық	-//-				
	ауылдық	-//-				
	өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтажына арналған жер және ауыл шаруашылығы	-//-				

	ы н а арналмаған өзге де жер					
	ерекше қорғалатын аумақтардың жері	-//-				
	сауықтыру, рекреациялық ж ә н е тарихи-мәден и мақсаттағы жер	-//-				
	орман қорының жері	-//-				
	су қорының жерлері	-//-				
	босалқы жер	-//-				
2	Халық	-//-				
1)	Барлығы	мың адам				
	оның ішінде:					
	қ а л а халқының саны	мың адам/ халықтың жалпы санының%				
	а у ы л халқының саны	-//-				
2)	Халықтың табиғи қозғалысыны ң көрсеткіштері :					
	туғандар саны	-//-				
	өлгендер саны					
	өсуі/кемуі					
3)	Халықтың көші-қон көрсеткіштері :					
	келгендердің саны					
	кеткендер саны					
	өсуі/кемуі	-//-				

4)	Қалалар санынан, барлығы	бірлік				
	ірі (есептік саны 501,0 мың адамнан асатын)	-//-				
	үлкен (халықтың есептік саны 101,0-ден 500,0 мың адамға дейін)	-//-				
	орташа (халықтың есептік саны 51,0-ден 100,0 мың адамға дейін)	-//-				
	шағын (халықтың есептік саны 50,0 мың адамға дейін)	-//-				
5)	Кенттер	-//-				
6)	Ауылдар	-//-				
7)	Халықтың тығыздығы	мың адам /100 километр <sup>2</sup>				
8)	Ауыл халқының тығыздығы	-//-				
9)	Халықтың жас құрылымы:					
	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам/ халықтың жалпы санының%				
	еңбекке қабілетті жастағы халық (ерлер 16-62 жас, әйелдер 16-59 жас)	-//-				
	еңбекке қабілетті жастан асқан халық	-//-				

10)	Жұмыспен қамтылған халық саны-барлығы	мың адам				
11)	Экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған халық	мың адам/ жұмыспен қамтылған халық санының%				
	оның ішінде:	-//-				
	өнеркәсіп	-//-				
	құрылыс	-//-				
	ауыл шаруашылығы	-//-				
	білім	-//-				
	денсаулық сақтау және әлеуметтік көрсетілетін қызметтер	-//-				
	өзгелері	-//-				
3	Экономикалық әлеует					
1)	Өнеркәсіп өндірісінің көлемі	миллиард теңге				
2)	Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемі	-//-				
4	Тұрғын үй қоры					
1)	Барлығы	жалпы ауданның мың метр <sup>2</sup> , %				
	оның ішінде:					
	қалалық елді мекендерде	-//-				
	ауылдық елді мекендерде	-//-				
2)	Халықтың тұрғын үйдің жалпы ауданымен қамтамасыз етілуі:	метр <sup>2</sup> / адам				

	калалық елді мекендерде	-//-				
	ауылдық елді мекендерде	-//-				
5	Халыққа әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері					
1)	Жоғары оқу орындары	бірлік/ студенттер				
2)	Мектепке дейінгі, бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдары	тиісті бірліктер				
	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары	бірлік/ оқушлары				
	Күндізгі жалпы білім беретін мектептер	бірлік/ мың орын				
	Мектепке дейінгі ұйымдар	бірлік/ мың орын				
3)	Мәдениет және өнер ұйымдары:	тиісті бірліктер				
	оның ішінде:					
	театрлар	бірлік/орын				
	кинотеатры	бірлік/орын				
	кітапханалар	бірлік/мың том				
	клуб типтес ұйымдар	бірлік/орын				
4)	Денсаулық сақтау ұйымдары (ауруханалар, емханалар, перзентханалар, фельдшерлік-акушерлік	-//-				

	пункттер және басқа да медициналық пункттер):					
	оның ішінде:					
	Стационарлық көмек көрсететін ұйымдар	төсек				
	Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар	ауысымға келу				
5)	Шипажай-курорт мақсаттағы, демалыс және туристік ( шипажайлар, пансионаттар, демалыс үйлері, лагерь және басқалар ) объектілер	төсек-орын				
6)	Әлеуметтік қамтамасыз ету ұйымдары					
	оның ішінде:					
	Медициналық -әлеуметтік мекемелер					
	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелер					
	Стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі балаларға арналған ұйымдар ( оның ішінде психоневрологиялық патологиялар және тірек-қимыл	бірлік/орын				

	апаратының бұзылуы)					
7)	Халыққа әлеуметтік және мәдениет-тұрмыстық қызмет көрсетудің өзге де объектілері	тиісті бірліктер				
6	Көліктік инфрақұрылым					
1)	Қатынас темір жолдарының ұзындығы	километр				
2)	Кепілді тереңдігі бар кеме жүзетін өзен жолдарының ұзындығы	-//-				
3)	Автомобиль жолдарының ұзындығы, барлығы	километр				
	оның ішінде:					
	республикалық маңызы бар (халықаралық маңызы бар)	-//-				
	облыстық маңызы бар	-//-				
	аудандық маңызы бар	-//-				
4)	Газ құбырларының ұзындығы	километр				
5)	Мұнай құбырларының ұзындығы	километр				
6)	Көлік желісінің тығыздығы:	километр /100 километр 2				
	теміржол	-//-				
	автомобиль	-//-				
7)	Әуежайлар	бірлік				

	оның ішінде:					
	халықаралық маңызы бар	-//-				
	мемлекеттік ( ұлттық)	-//-				
	жергілікті	-//-				
	жеке	-//-				
7	Инженерлік инфрақұрылым					
1)	Сумен жабдықтау:					
	Жерасты көздерінің ресурстары	миллион метр <sup>3</sup> / жылына				
	Жерүсті көздерінің ресурстары	-//-				
	Су тұтыну - барлығы	мың метр <sup>3</sup> / тәулігіне				
	оның ішінде:					
	шаруашылық-ауыз су мұқтаждарына	-//-				
	өнеркәсіптік қажеттіліктерге	-//-				
	ауыл шаруашылығы мұқтаждарына	-//-				
	1 адамға орташа тәуліктік су тұтыну.	литр/тәулігіне бір адамға				
	Су бұру-барлығы :	миллион метр <sup>3</sup> / жылына				
	су объектілеріне	-//-				
2)	Электрмен жабдықтау:					
	Орнатылған қуат, барлығы	МегаВатт				
	оның ішінде:					

	гидроэлектр станциялар	%				
	жылу электр станциялары	-//-				
	атом электр станциялары					
	жаңартылатын энергия көздері	%				
	Есептік қажеттілік:	миллион килоВатт/сағатына				
	оның ішінде:					
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	-//-				
	өндірістік қажеттіліктер	-//-				
	Кернеуі 35 килоВольт және одан жоғары электр беру желілерінің ұзындығы	километр				
3)	Жылумен жабдықтау:					
	Орнатылған қуат	мың Гига калория/сағатына				
	Есептік қажеттілік:	Миллион Гига калория				
	оның ішінде:					
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер	-//-				
	өндірістік қажеттіліктер	-//-				
4)	Газбен жабдықтау:					
	Есептік қажеттілік:	миллион метр <sup>3</sup> /жылына				
	оның ішінде:	-//-				
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер					

	өндірістік қажеттіліктер	-//-				
5)	Байланыс және теледидар					
	Интернетті пайдаланушылар саны	барлық халықтың %				
8	Табиғатты қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану					
1)	Табиғи ортаның ластану деңгейі жоғары қалалар саны	бірлік				
2)	Ластаушы заттардың жалпы шығарындыларының нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемі	мың тонна/ жылына				
3)	Қатты тұрмыстық қалдықтар жалпы көлемінен қалдықтарды өңдеу үшін	%				
4)	Ластаушы заттардың төгінділері нормативтерінің белгіленген мәндерінің көлемі	мың тонна/ жылына				
5)	Мемлекеттік орман қоры жерінің орманмен қамтылған ауданы	мың гектар				

б)	Өңірдің жалпы алаңына карағанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың үлесі	%				
9	Гидротехникалық құрылыстар	бірлік				
10	Өрт сөндіру депосының ғимараты	депо / автомобильде р саны				

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК